

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Экономика, басқару және құқық факультеті**  
**Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық комитет мәжілісінің**  
**№2 хаттамасы**

**Түркістан қаласы**

**23.10.2023ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы: А.Исаева, АК мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнақожаев және АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нұридін АК мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

**Қатыспағандар – жоқ.**

**Күн тәртібі:**

1. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
2. Оқу процесін автоматтандыру (цифрландыру) шеңберінде порталға жүктелген әр БББ бойынша оқу-әдістемелік кешендері (контенттері) – ағымдағы жағдайды талдау және болашақ жоспарларын әзірлеу

**Тыңдалды:**

1. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау  
**1-ші мәселе бойынша АК төрағасы А.Исаева сөз алып** 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша оқытушы-профессор құрамының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауды 9 қосымша негізінде қарастыруды ұсынды.

«Менеджмент және туризм» кафедрасының меңгерушісі Г.Р.Момбекова сөз алып 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласын даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда (2018-2023) кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтерді қарастырып, барлық оқытушы-профессор құрамының біліктіліктерін жетілдіру жоспарланғанын, практик мамандармен де толықтырылғандығын, сонымен қатар курстарға қатысатындықтарын айтты.

**Кафедраның профессоры Б.Кылыч сөз алып** 2023-2024 оқу жылына дайындалған, сараптамадан өткен білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілер тарапынан нарық талабына сай жаңа піндердің енгізілгендігін негізге ала отырып та, оқытушылар білім беру бағдарламаларының жаңашылдығына сай семинарларға қатысып өз біліктіліктерін жетілдірулері қажет деп сөзін аяқтады.

**Кафедраның доценті А.Абубакирова да сөз алып,** жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша шетелден немесе туристік кәсіпорындардан мамандар шақыртылып, семинарлар, тренингтер ұйымдастырылса оқытушылар мен қоса білімгерлеріміз де өз біліктіліктерін жетілдірер еді деді.

**Білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы сөз алып,** дәрістерді жүргізетін оқытушылар жүргізіп отырған пәндерін Қонақ үйде ақпараттық жүйелер, Қонақ үй шаруашылығы, Туризмде тамақтандыру қызметтері пәндері сияқты практика жүзінде (Туроперейтинг, Саяхаттану) жүргізілсе деген ұсынысын білдірді.

**Шешім:**

**1.1** Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда (2018-2023) кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтері негізге алынсын.

**1.2** Жаңартылған ББ пәндері негізге алынып оқытушылар нарық талабына сай біліктіліктерін жетілдіру жоспары құрылсын.

2.Оқу процесін автоматтандыру ( цифрландыру) шеңберінде порталға жүктелген әр БББ бойынша оқу-әдістемелік кешендері (контенттері) – ағымдағы жағдайды талдау және болашақ жоспарларын әзірлеу

**АК төрағасы А.Исаева сөз алып,** 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша дәріс беретін оқытушылардың <https://portal.ayu.edu.kz/> порталында жүргізетін пәндері бойынша әр оқытушыға ашылғандығын, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің УЕ-ХҚТУ-036 – 2023 білім беру бағдарламасының және оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі негізінде дайындалып жүктелгендігіне ағымдағы жағдайға мониторинг жасалғандығын, мониторинг нәтижесінде барлық пән бойынша оқу-әдістемелік кешендері жүктелгендігін, алайда кем тұстарының болғандығын: аннотацияның, автор мәліметінің болмауы сияқты. Сонымен қатар кемшіліктерді толықтыру қажеттігін айтып өтті.

**Шешім:** Порталға оқу-әдістемелік кешендері толық жүктелінсін және оқу-әдістемелікке жауапты тарапынан қадағалауға алынсын.

АК төрағасы



А.Исаева